



090000, Орал қаласы, Исатай-Махамбет, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

090000, г.Уральск, ул. Исатай-Махамбета, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

№ 4-13/766 от 11.09.2024

№

**Сырым ауданының
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы, жолаушылар
көлігі және автомобиль
жолдары бөліміне**

**Сырым ауданы әкімінің
аппаратына**
(мәлімет үшін)

Ішкі бақылау іс-шарасы туралы

Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасы 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №37-нқ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілетін бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес, **ағымдағы жылдың 18-20 қыркүйек** күндері аралығында Сіздің мекемемен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау іс-шарасы жүргізілетіндігін хабарлайды.

**Басқарма басшысының
міндетін атқарушы**

Р. Рашитов

✍ Н.Аманкелді
☎ 8 (7112) 24-05-96

Подписано



090000, Орал қаласы, Исатай-Махамбет, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

090000, г.Уральск, ул. Исатай-Махамбета, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

№ 4-12/765 от 11.09.2024

№ _____

Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Батыс
Қазақстан облысы бойынша
департаментінің басшысы
М. Байсаловқа

Бірлескен ішкі бақылау іс-шарасы туралы

Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №78 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларына сәйкес ағымдағы жылдың 18-20 қыркүйек аралығында Сырым ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне жоспарланған бақылау іс-шарасын бірлесіп өткізу үшін Сіздің Департаменттен бас маман Кабдрашов Айбар Сырымовичті қатыстыруыңызды сұрайды.

Басқарма басшысының
міндетін атқарушы

Р. Рашитов

✍ Н.Аманкелді
☎ 8 (7112) 24-05-96

Подписано

11.09.2024 17:58 Рашитов Раимбек Нурланович

Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің «Сырым аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сіне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына жүргізілген бірлескен ішкі бақылау актісі

Жымпиты ауылы

2024 жыл «20» қыркүйек
сағ.12:00

1. Мемлекеттік органның атауы

Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасы

2. Бақылау және қадағалау жүргізуге негіз болған актінің датасы мен нөмірі

22.12.2023 жылғы №37-НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілетін бақылау іс-шаралары жоспары, №86-жқм 17.09.2024 бұйрығы.

3. Тексеру/бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізуге уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және оның лауазымы
Аманкелді Нүртілек Қалқаманұлы - мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мониторингілеу бөлімінің бас маманы, Кабдрашов Айбар Сырымович мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы

4.Тексерілетін субъектінің, объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы, оған қатысты тексеру/бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), аумақтың учаскесі

060240007669, «Сырым аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, Қазақстан көшесі, 8

5. Тексеру/бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің датасы, орны мен кезеңі

«Сырым аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, Қазақстан көшесі, 8, 18.09.2024-20.09.2023 ж., тексерілген кезең 01.01.2023 ж.-18.09.2024 ж.

Мекеме арқылы келесі мемлекеттік қызметтер көрсетілді:

№	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы	2023 ж. 1 қаңтарынан –31 желтоқсанына дейін көрсетілген мемлекеттік қызмет саны	2024 ж. 1 қаңтарынан–18 қыркүйегіне дейін көрсетілген мемлекеттік қызмет саны
1.	«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы»	443	489
2.	«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру»	0	0
3.	«Тұрғын үй сертификаттарын беру»	3	1
4.	«Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау»	0	0
5.	«Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруды келісу»	0	0
6.	«Ағаштарды кесуге рұқсат беру»	0	0
7.	«Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру»	2	0
8.	«Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту»	0	0

6. Ішкі бақылау нәтижесінде келесілер анықталды:

«Электрондық үкіметтің» веб-порталында және мемлекеттік органның интернет-ресурсында көрсету тәртібі бойынша ақпаратты өзектендіру мерзімін сақтау және Бірыңғай байланыс-орталығына жолдау талабын сақтау

Бөлімнің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі бойынша ақпараты <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-syrym/activities/services?lang=ru> Сырым ауданы әкімдігінің ресми-интернет ресурсында орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар ету, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсыну.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін түсіндіру бойынша бөлімге өтініштер түспегені анықталды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттырғандығы жөнінде дәлелді құжаттардың (сертификаттар, дипломдар және басқа) болуы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйрету бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабы 2-тармағы 6)-тармақшасында мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағдыларына үйретуге міндетті екені көрсетілген.

Бөлімде мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бас маман Е.Беккужин біліктілігін арттыру курсынан 28.02.2022 жылы өткендігі анықталды.

Көрсетілетін қызметті берушілердің орналасу жерлерінде және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалдарының халыққа қызмет көрсету бөлімдерінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілерінің бар болуы:

Бөлімде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілері стендта орналастырылғаны анықталды.

Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз ету:

Бөлімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін мониторингілеуге арналған «Мониторинг» АЖ-нен бақылау қамтамасыз етілген.

Тегін негізде ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде төлем талап етуге жол бермеу

Бөліммен мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі. Тексеріс кезеңінде негізсіз төлем талап ету фактілері анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды талап етуге жол бермеу

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметтерді алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Тексеріс кезеңінде қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды сұрату анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті алушылардан артық құжаттарды талап етуге жол бермеу

Тексеріс кезеңінде қызметті алушылардан артық құжаттарды талап етудің **4 (төрт) фактісі** анықталды. Қағидаға сәйкес өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (зайыбының (жұбайының), кәмелетке толмаған балаларының) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы тұлғаны сәйкестендіру үшін беріледі).

Алайда «Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік қызметі бойынша 2023 жылы 3 өтініш (С.Жумабаева, Х.Иманғалиева, А.Мухамбетжанова) және 2024 жылы 1 өтініш (Г.Рашитова) бойынша қызмет алушының, жұбайының жеке басын куәландыратын құжатының, неке қию туралы куәліктерінің, кәмелетке толмаған балаларының туу туралы куәлігінің көшірмелері сұратылған.

Құжаттар топтамасы толық болмағанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жол бермеу

Тексеріс кезеңінде құжат топтамасы толық болмаған жағдайда қызметті көрсету фактісі анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті берушімен жұмыс мерзімін сақтау

Тексеріс кезеңінде қызмет берушінің жұмыс уақытын бұзудың фактісі анықталмады.

Көрсетілетін қызметті берушімен мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін сақтау

Тексеріс кезінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін сақтамаудың **1 (бір) фактісі** анықталды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығына және «Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына сәйкес «Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік қызметін көрсету тәсілі www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы деп жазылған.

Алайда аталған мемлекеттік қызмет бөліммен тікелей кеңсе арқылы қағаз түрде көрсетілген. Бірақ аталған мемлекеттік қызмет www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталында қолжетімсіз.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден дәлелді бас тарту

Тексеріс кезінде негізсіз бас тарту фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерін сақтау

Тексеріс кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерін сақтамаудың **1 (бір) фактісі** анықталды.

«Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау» мемлекеттік қызметі бойынша 2024 жылы 1 өтініш («Жайлауов» ЖК) бойынша қызмет мерзімі бұзылған. Өтініш 07.02.2024 ж. түскен, алайда тек 13.02.2024 ж. тіркелген 20.02.2024 ж. күні көрсетілген. Қағидаға сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсетілуі қажет, алайда қызмет 5 (бес) жұмыс күнге кешіктіріліп көрсетілген.

Бөлімде мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты бас маман Е.Беккужинге мемлекеттік қызмет мерзімін бұзғаны үшін тәртіптік шара қабылданған.

Тіркеген күннен бастап бес жұмыс күнде қаралуға жататын шағымдарды қарау нәтижесі туралы қызмет алушыларды хабардар ету бойынша талаптарды, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарын қанағаттандырудың толықтығын сақтау.

Тексеріс кезеңінде бөлімге қызмет алушылардан шағымдар түспеген.

Есептің және есепке талдамалық анықтаманың ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есептік нысанда көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті материалдардың (бұйрықтардың, хаттамалардың, шешімдердің, хаттардың, анықтамалардың, қызметтік жазбалардың көшірмелері, фотоматериалдардың) болуы.

Бөліммен мемлекеттік қызметтер көрсету туралы есебі Сырым ауданы әкімінің аппаратына тоқсан сайын ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен, жыл сайын «электрондық үкіметтің» веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға жататын мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерге жылына кемінде бір рет жария талқылаулар өткізу

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат Сырым ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында жарияланған.

**Мемлекеттік көрсетілетін
қызметтерді мониторингілеу
бөлімінің бас маманы**



Н.Қ. Аманкелді

Таныстым және 1 данасын алдым:

**Сырым аудандық тұрғын үй-
коммуналдық шаруашылық,
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары
бөлімінің басшысы**



А.С. Нурмуханов



090000, Орал қаласы, Исатай-Махамбет, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

090000, г.Уральск, ул. Исатай-Махамбета, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

№ 4-13/798 от 23.09.2024

№

**Сырым аудандық тұрғын
үй- коммуналдық
шаруашылық, жолаушылар
көлігі және автомобиль
жолдары бөліміне**

Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасымен 2024 жылдың 18-20 қыркүйек күндері мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілетін бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасына ішкі бақылау іс-шарасы жүргізілді. Тексеру нәтижесінде ішкі бақылаудың актісі жасалған болатын.

Тексеру қорытындысына сәйкес **келесі ұсынымдар** беріледі:

1. Тексеру барысында Бөліммен көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен белгіленген қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері «Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау» мемлекеттік қызметі бойынша 2024 жылы 1 (бір) өтініші бойынша қызмет мерзімдері бұзылған.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің мерзімдерінің бұзылуына алдағы уақытта жол бермеу туралы бірінші басшының және жауапты мамандардың тәртіптік жауапкершілік мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

2. Тексеріс кезеңінде көрсетілетін қызметті алушылардан артық құжаттарды талап етудің 4 (төрт) фактісі анықталды. Атап айтқанда «Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік қызметін көрсету барысында аталған қызмет қағидасына сәйкес өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (зайыбының (жұбайының), кәмелетке толмаған балаларының) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы тұлғаны сәйкестендіру үшін беріледі) деп көрсетілген, алайда бөлімде талап етіліп, құжаттар топтамасына жалғанған.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде құжаттар топтамасын бекітілген ережелерге сәйкес қабылдап алу қажет екендігі, артық құжат талап етпеу жөнінде,

алдағы уақытта заң бұзушылықтарға жол бермеу туралы бірінші басшы және жауапты мамандар ескертіліп, тәртіптік жауапкершілік мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

Тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мақсатында, аталған кемшіліктерді тез арада жою ұсынылады.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидасының 53-тармағының 1) тармақшасында сәйкес бақылау объектісі ұсынымдарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарауға ұсыну қажеттігін хабарлаймыз.

**Басқарма басшысының
міндетін атқарушы**

Е. Ержанов

✍ Н.Аманкелді
① 8 (7112) 24-05-96

Подписано
23.09.2024 09:08 Ержанов Ергали Куанышпекович

**СЫРЫМ АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН
ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ, ЖОЛАУШЫЛАР
КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ
ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ**



**СЫРЫМСКИЙ
РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-
КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА,
ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА
И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

090900, Батыс Қазақстан облысы,
Сырым ауданы, Жымпиты ауылы,
Қазақстан көшесі, №8 үй,
тел.: 8 (71134) 31345, факс: 8 (71134) 21563
E-mail: Syrym_jkh@mail.ru

090900, Западно-Казахстанская область,
Сырымский район, поселок Жымпиты
улица Казахстан, дом №8,
тел.: 8 (71134) 31345, факс: 8 (71134) 21563
E-mail: Syrym_jkh@mail.ru

№ _____

**Батыс Қазақстан облысының
цифрлық технологиялар басқарма
басшысының м.а Е.Ержановқа**

*2024 жылғы 3 қазандағы
№4-13/798 санды хатқа*

«Сырым аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілетін бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкескөрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасына ішкі бақылау бойынша төмендегідей мәлімдеймін.

1. Тексеру барысында Бөліммен көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен белгіленген қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері «Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау» мемлекеттік қызметі бойынша 2024 жылы 1 (бір) өтініші бойынша қызмет мерзімі бұзылған болатын. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің мерзімдерінің бұзылуына алдағы уақытта жол бермеу туралы Бөлімнің жауапты маманы Е.Беккужинге ескерту түріндегі тәртіптік жаза беріліп, ескертілді.

2. «Тұрғын үй сертификаттарын беру» мемлекеттік қызметін көрсету барысында аталған қызмет қағидасына сәйкес өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжат деп көрсетілген, алайда бөлімде талап етіліп, құжаттар топтамасына жалғанған.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде құжаттар топтамасын бекітілген ережелерге сәйкес қабылдап алу қажет екендігі, артық құжат талап етпеу жөнінде, алдағы уақытта заң бұзушылықтарға жол бермеу туралы жауапты мамандарға ескертіліп, қатаң бақылауға алынды.

Бөлім басшысы

А.Нурмуханов

Орындаған:
Е.Беккужин
Тел.: 21563